

**Ордабасы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы**

Түркістан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2024 жылғы 19 ақпандағы № 12/2 шешімі

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 365-бабының 3- тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1- тармағы 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 "Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" бұйрығына ( нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №24382 болып тіркелген) және Ордабасы ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 5 ақпандағы №428 " Ордабасы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Ордабасы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ордабасы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Ордабасы ауданы бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат төрағасы*

*Б.Джумабеков*

шешіміне 1 қосымша

**Ордабасы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары**

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Орташа жылдық жинақталу нормалары, м3
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,7
			2
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,2

3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,2
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,24
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,4
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,02
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,06
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,5
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,26
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,04
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	1,2
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	1,2
14	Азық-түлік және өнеркәсіп-тауар дүкендері, аралас дүкендер	сауда алаңы 1 м2	1,2
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м2	1,4
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,55
17	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,04
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	-
19	Вокзалдар, автовокзалдар , әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,59
20	Жағажайлар, жолдардан көше сметалары	Жалпы алаңы 1 м2	-

21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,38
22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	1,4
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,85
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 машина/тұрақ	-
25	Парикмахерские, косметические салоны	1 рабочее место	2,2
26	Шаштараздар, сұлулық салондары	Жалпы алаңы 1 м2	0,56
27	Зергерлік бұйымдар, аяқ киім және сағат жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,75
28	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілт жасау және т.б.)	1 жұмыс орны	0,55
29	Баня, саунлар	Жалпы алаңы 1 м2	1,15
30	Заңды, қалада бұқаралық шараларды ұйымдастыру, саябақ қалдықтары	1000 қатысушылар	-
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	-

шешіміне 2 қосымша

### **Ордабасы ауданы бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтері**

№	Атаулары	Есептік бірлік	Баға, теңгемен
1	Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, әкету тарифтері		
1.1	Жайлы емес үйлер(жер үйлер)	1 адам	160 тг/айына
1.2	Жайлы үйлер(көпқабатты үйлер)	1 адам	136 тг/ айына
1.3	Отбасында 4 және одан да жоғары адам саны болған жағдайда	640тг/айына	
1.4	Заңды тұлғалар	1 текше метр	1600
2	Азаматтардың өз есебінен полигонға қатты тұрмыстық қалдықтарды жеткізу, көму және кәдеге жарату тарифтері		
2.1	Жеке тұлғалар	Жеке тұлғалар	600
2.2	Заңды тұлғалар	Заңды тұлғалар	1000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК